

Сералиев Асет Бактыбековичтің «6D011600 –География» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Мектеп географиясында аймақтық экономикалық қатынастарды оқытудың әдістемелік негіздері.

Зерттеудің мақсаты: Мектеп географиясында аймақтық экономикалық қатынастарды оқытуды теориялық негіздеу және оны географияда оқытудың әдістемесін жасау, тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

– әлемдік және өңірлік экономикалық байланыстарды зерделеу негізінде аймақтық экономикалық қатынастардың теориялық және тұжырымдамалық негіздеріне ғылыми тұрғыда талдау жасау;

– Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерде аймақтық экономикалық қатынастарды оқып-үйренудің географиялық білім берудегі рөлі мен орнын айқындау;

– аймақтық экономикалық қатынастарды географияда оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздемесін жасай отырып, мазмұндық-құрылымдық моделін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибеден өткізу.

Зерттеу әдістері:

1. Теориялық әдістер:

– философиялық, педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік әдебиеттерді, интернет ресурстарын талдау және жүйелеу;

– аймақтық экономикалық қатынастар саласындағы ғылыми еңбектер мен білім беру саласына қатысты құқықтық-нормативтік құжаттарды зерделеу;

– салыстыру және құрылымдық-мазмұндық үлгілеу әдістерін қолдану.

2. Эмпирикалық әдістер:

– анықтаушы және нақтылаушы эксперименттер жүргізу;

– сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы деректер жинақтау және оларды талдау;

– жиналған деректерді өңдеу үшін математикалық-статистикалық әдістерді қолдану және зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыда негіздеу.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):

– аймақтық экономикалық қатынастарды оқытудың теориялық негіздері оқушылардың экономикалық сауаттылығын арттырады және олардың экономикалық ойлау мен талдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді;

– географиялық білім беруде аймақтық экономикалық қатынастарды оқыту, оқушылардың жаһандық құзыреттерін қалыптастырып, экономикалық құбылыстарды әлемдік және өңірлік деңгейде кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді;

– аймақтық экономикалық қатынастарды географияда оқытудың мазмұндық-құрылымдық үлгісін құру және оқытудың әдістемесін жасау, жалпы білім беретін мектептерде экономикалық географияны оқытудың тиімділігін арттырып, оқушылардың практикалық іс-әрекеттерінде қолданумен қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

– аймақтық экономикалық қатынастардың теориялық және тұжырымдамалық негіздеріне ғылыми тұрғыда талдау жасалды;

– Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерде аймақтық экономикалық қатынастарды оқып-үйренудің географиялық білім берудегі рөлі мен орны айқындалды;

– аймақтық экономикалық қатынастарды географияда оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздемесі жасалды;

– аймақтық экономикалық қатынастарды оқыту арқылы оқушылардың зерттеушілік және аналитикалық қабілеттерін дамытуға болатыны зерделенді;

– аймақтық экономикалық қатынастарды оқытуда бағалау критерийлері мен оқу нәтижелерін бақылау жүйесі құрастырылып, оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі әзірленді, оның тиімділігі тәжірибе арқылы тексерілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– әлемдік және өңірлік экономикалық байланыстарды зерделеу негізінде аймақтық экономикалық қатынастардың теориялық және тұжырымдамалық негіздеріне ғылыми тұрғыда талдау жасалды;

– Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерде аймақтық экономикалық қатынастарды оқып-үйренудің географиялық білім берудегі рөлі мен орны айқындалды;

– аймақтық экономикалық қатынастарды географияда оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздемесі жасалып, мазмұндық-құрылымдық моделі әзірленді және оның тиімділігі тәжірибе жүзінде тексерілді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: іс-әрекет тәсілдері және жеке тұлға теориялары, сонымен қатар географияны оқытудың теориясы мен әдістемесінің негізгі қағидалары мен ұстанымдары негізінде аймақтық экономикалық қатынастардың географиялық білім берудегі орны айқындалуымен және мектеп географиясында аймақтық экономикалық қатынастарды оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделінің құрылуымен сипатталады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: зерттеу нәтижелері бойынша географиялық мазмұндағы теориялық білімдер, оқушылардың экономикалық түсініктерін қалыптастыруға, өңірлік экономика туралы білімдерін тереңдетуге және олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы білім беретін мектептердің 10-сыныбына арналған «Аймақтарды танудың әліпбиі» қолданбалы элективті курсының бағдарламасы даярланып, Алматы қаласының мектептерінің оқу үдерісіне ендірілді. Қалалық білім берудегі жаңа технологиялар ғылыми-әдістемелік

орталығынан авторлық куәлік алынды. Сондай-ақ, «Аймақтық экономикалық қатынастарды оқытудың әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы даярланды.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беретін орта мектепте, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды кәсіби бағытта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы талаптарына сай жасалған, сонымен қатар:

- зерттеу жұмысының мазмұндық жүйесі ғылыми мәліметтермен сай келетіндігімен;

- зерттеу тәсілдері жиынтығын қолданылуымен;

- қолданған мәліметтердің шынайылығымен, жоспарға сай эксперименттің уақытымен, зерттеу нәтижесінің алғашқы және соңғы көрсеткіштердің ерекшелігімен анықталып, дәлелденді.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі:

Ғылыми-зерттеу жұмысында келтірілген негіздемелер шынайы, сенімді дереккөздерге негізделіп орындалды. Зерттеу нәтижелері білім беру үдерісінде тәжірибеден өтті. Зерттеудің өзектілігіне негіз болатын теориялық-тұжырымдамалар, жүйелі талдау барысында алынған ғылыми нәтижелер халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалып, ғылыми басылым беттерінде жарияланды. Зерттеу барысында 9 ғылыми еңбек жарық көрді. Соның ішінде, Scopus деректер қорына енетін басылымдарда 2 мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында 3 мақала, 1 оқу-әдістемелік құрал және 2 авторлық куәлік алынды.

Scopus ғылыми деректер қорында индекстелетін басылымдар:

1. Technology for teaching regional economic relationships based on the updated content of education. //Cypriot Journal of Educational Sciences. 17 (2), 531-541, 2022. Q3, процентиль 36. <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i2.6852>

2. Characteristics and tourism potential of the Burabay National Park (Kazakhstan). GeoJournal of Tourism and Geosites, 43(3), 1129–1137. (2022). <https://doi.org/10.30892/gtg.43334-928>

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы жарияланымдар:

1. Жасөспірімдердің арт-технология әдістері негізінде шығармашылық тұлғалық қабілеттерін дамыту. Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. №2. 2023. 186-199 беттер.

2. География пәнінде диверсификация ұғымын оқытудың әдіснамалық негізі. ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. №3 (110). 84-96 беттер.

3. Географиялық білім беруде агроөнеркәсіп кешендерінің экономикалық аспектілерін оқыту, оқушының жаһандық құзыреттілігін дамыту. Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. №4. 2024 ж. 173-184 беттер.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары:

1. Геоэкономикалық қатынастар мен аймақтық интеграциялардың географиялық білім берудегі маңызы. «Жаратылыстану-ғылыми білім беруде жаңартылған білім беру мазмұнының мақсатын жүзеге асырудың теориясы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (14-15 қараша, 2019). - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат» баспасы, 2019. 19-25 беттер.

2. Преподавание региональной географии: развитие глобальной компетенции учащегося. Международная научно-практическая конференция «Султангазинские чтения»: «Современные исследования в образовании: теория, практика, результаты». – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы. 15 ноября, 2024 г.

3. Мектеп географиясында Қазақстан өңірлерінің экономикалық қатынастарын тиімді оқытудың өзектілігі мен әдістемелік негіздер. «Ғылым мен білімдегі инновациялар» тақырыбындағы XXIV Халықаралық Байқоңыров оқулары материалдарының жинағы, - Жезқазған: "ЖезУ" АҚ, 2024. 6 желтоқсан, 2024 жыл.

Оқу-әдістемелік құралы:

1. Аймақтық экономикалық қатынастарды оқытудың әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы. - Алматы: «Балауса Print» ЖШС, 2024. – 110 бет.

Авторлық куәліктер:

1. «Аймақтарды танудың әліпбиі» 10-сыныпқа арналған (34 сағат) авторлық бағдарлама. Алматы қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы. №140. 03.06. 2020 ж.

«Төрткүл дүние тұрғындарының тіршілігі» 11-сыныпқа арналған (68 сағат) авторлық бағдарлама. Алматы қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы. №141. 03.06. 2020 ж.